



ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ:
ТҮЙТКІЛІ МЕН ТҮЙІНІ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КЕНЕПТЕГІ
БАС ҚАЛА КЕЛБЕТІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз августа



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

7 ПАРТИЯДАН 546 ҮМІТКЕР БАҚ СЫНАЙДЫ

Құрылтай депутаттығына үміткерлерді ұсыну аяқталды. Орталық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша 7 саяси партиядан барлығы 546 кандидат құжатын тапсырды. Саяси партиялардың партиялық тізімі:

- «Ақ жол» демократиялық партиясы – 63 кандидат;
- «Ауыл» партиясы – 69 кандидат;
- «Әділет» саяси партиясы – 186 кандидат;
- «Байтақ» жасылдар партиясы – 47 кандидат;
- Қазақстан халық партиясы – 72 кандидат;
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 33 кандидат;
- Respublica партиясы – 76 кандидат.

«Қазір барлық партия ұсынған құжаттар кандидаттардың Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберілді. Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді тіркеу 2026 жылғы 23 шілде сағат 18:00-де аяқталады» деді ОСК хатшысы Шавхат Өтемісов.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТЕДІ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ересектерге арналған тегін қазақ тілі курсын өткізеді.

Өтініштер 31 шілдеге дейін қабылданады. Курс 3 тамыз күні басталады. Оқыту офлайн және онлайн форматта өтеді. Ұзақтығы – 4 ай. Сабақ аптасына 3 рет ұйымдастырылады. Соңында қатысушыларға

сертификат табысталады. Тіркелу үшін Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 209-кабинетке жүгіну қажет. Байланыс телефондары: +7 (7172) 24-90-52; +7-707-497-71-43.

ӘУЕ РЕЙСТЕРІ АРТАДЫ

Қазақстан мен Қытай тұрақты әуе рейсінің санын көбейту және жаңа бағыттарды ашу туралы келісімге келді. Бұл туралы Азаматтық авиация комитеті мәлім етті.

Бейжіңде өткен келіссөздер нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы жолаушыларға арналған апта

сайынғы әуе рейстер санын 152 рейске дейін ұлғайтуға келісім жасалды.



18-19 шілде

«АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫ: ҰЛЫ ДАЛАДАН БАСТАУ АЛҒАН ӨНЕР»

Астанада Qazaq Creative Hub алаңында республикалық Creative Aimaq жобасы аясында «Алтын Орда мұрасы: Ұлы даладан бастау алған өнер» креативті көрме-жәрмеңкесі өтеді. Көрме елорда тұрғындары мен қонақтарын Ұлытау облысының шығармашылық әлеуетімен таныстырады.



АСТАНАДА АПТАП ЫСТЫҚ...

Биылғы шілде әлемнің көптеген елін бұрын-соңды болмаған аптап ыстықпен әбігерге салды. «Қазгидромет» мекемесінің деректеріне сәйкес, Астанада 2026 жылдың 14 шілде күні ауа температурасының жаңа рекорды тіркелді. Ауаның ең жоғары температурасы +38,6°C-қа жетіп, 1992 жылы тіркелген +35,3°C көрсеткіштен 3,3 градусқа жоғары болды. Төтенше жағдайлар қызметі мен денсаулық сақтау мекемелері болса аптап ыстықтан сақтануға байланысты түрлі кеңес беруде.



ПРЕЗИДЕНТ ДОХАҒА БАРДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен кездесті. Мемлекет басшысы Қатар Әміріне және оның әулетіне Әмір-Әке шейх Хамад бен Халифа Әл Тәнидің дүниеден озуына байланысты көңіл айту үшін Дохаға барды.

Президент қуатты әрі өркендеген Қатар Мемлекетін құруға шейх Хамадтың елеулі үлес қосқанын атап өтті.

«Ол көрнекті мемлекет қайраткері әрі қазақ халқының досы еді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-қатар қарым-қатынасының қалыптасып, табысты дамуына шейх Хамад бен Халифа Әл Тәни зор еңбек сіңірді. Ол Қазақстанға екі рет ресми сапармен келді. Әмірді 1999 жылы сәуірдегі бірінші сапары кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы саясат ведом-

ствосының басшысы қызметінде қарсы алған.

Мемлекет басшысы шейх Хамадтың қолдауымен Астанада алғашқы еңселі әл-Фараби мешіті бой көтергенін, сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асқанын ризашылықпен еске алды.

«Осындай қаралы сәтте Алла Тағаладан марқұмның жаны жәннатта болуын сұрап, дұға етеміз» деді Қазақстан Президенті.

Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни арнайы

қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, бұл Қатар мен Қазақстан халықтарының бауырластық байланысының айрықша сипатын көрсететініне назар аударды. Қатар тарапының бастамасымен мемлекеттер басшылары қазіргі халықаралық ахуал, соның ішінде Таяу Шығыстағы жағдай туралы пікір алмасты. Президент Қатар Әмірін өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақыратынын растады. Шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни шақыруды ықыласпен қабыл алды.

ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ 4,1 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Биылғы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша Қазақстанның жалпы ішкі өнімі мұнайға тәуелді емес секторлардың орнықты дамуы нәтижесінде 4,1%-ға өсті. Нақты сектордағы тауарлар өндірісі 5,1%-ға, ал қызмет көрсету саласы 3,5%-ға артты.

Салалар бойынша құрылыс саласы ең жоғары өсім қарқынын сақтап отыр. Оның көлемі 15,2%-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібінде 9,8%, көлік қызметтері саласында 7,1% өсім тіркелді. Сонымен қатар сауда (+5,7%), байланыс қызметтері (+4,3%), ауыл шаруашылығы (+4,4%) салалары оң көрсеткішке қол жеткізді. Аталған негізгі салалардың жиынтық үлесі республикадағы ЖІӨ өсімінің шамамен 85%-ын қамтамасыз етті.

Әлеуметтік секторда да оң үрдіс байқалады: өткен жылғы төмендеуден кейін халықтың нақты табысы биылғы жылдың бірінші тоқсанында 0,1%-ға өсті. Бұл үрдіске маусым айында жылдық инфляцияның 10,3%-ға дейін баяулауы оң ықпал етті. Оң серпінді нығайту мақсатында

өнімділігі жоғары жұмыс орындарын ашуға бағытталған халық табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспар қабылданды.

Экономикалық өсімнің басты қозғаушы күші инвестициялық белсенділік болып отыр. Бірінші жартыжылдықта негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 9,6%-ға ұлғайды. Жалпы инвестициялар құрылымындағы жеке капиталдың үлесі 87%-ға жетті. Инвестициялық белсенділік әсіресе ақпарат және байланыс саласында жоғары қарқынмен өсуде. Бұл бағытқа тартылған инвестициялар көлемі 2,3 есеге артты. Сондай-ақ құрылыс саласы (+38,7%), өңдеу өнеркәсібі (+33,3%), ауыл шаруашылығы (+24,6%) және көлік саласында (+11,6%) өсім тіркелді.

Ішкі сауда саласында да жоғары көрсеткіштер тіркелді. І жартыжылдықта оның көлемі 15,3%-ға артып, 36,2 трлн теңгеге жетті. Көтерме сауда 6,6%-ға, бөлшек сауда 3,8%-ға өсті. Оң үрдіс сыртқы сауда бағытымен де нығайтылуда: қаңтар-мамыр айларында республиканың тауар айналымы \$56,3 млрд-ты құрады, ал импорт \$26 млрд-қа жетті. Соның нәтижесінде \$4,4 млрд-тан асатын тұрақты оң сауда балансы сақталды. Бұл ретте жартыжылдықтың қорытындысы бойынша тауарлар мен қызметтердің шикізат емес экспортының сапалық өсуі – 14,6%-ға, \$14,9 млрд-қа дейін (оның ішінде өңделген тауарлардың экспорты 14,5%-ға, \$11,8 млрд-қа дейін, қызметтер экспорты – 14,8%-ға, \$3,1 млрд-қа дейін) тіркелді.



ҚАЖЕТТІ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

Қазақстанда 23 тамызға белгіленген Құрылтай депутаттарының сайлауын өткізуге Үкімет резервінен 34,3 млрд теңге бөлінді. Бұл жаңалықты Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) отырысында ОСК мүшесі Михаил Бортник жария етті. Оның айтуынша, республикалық бюджет былтыр бекітілген кезде Құрылтай депутаттарының сайлауын өткізу жоспарланбаған. Осыған байланысты қажетті қаржы Үкімет резервінен бөлінген.

«Сайлау бюджеті аумақтық сайлау комиссияларының өтінімдері негізінде және сайлау туралы заңнаманың талаптарына сәйкес қалыптасты. Онда сайлау процесін толық ұйымдастыруға қажетті барлық шығыс ескерілген» деп түсіндірді ОСК мүшесі.

ҚАРАЖАТ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Михаил Бортниктің айтуынша, бөлінген қаржы сайлау науқанын елімізде және шетелде ұйымдастыруға және өткізуге жұмсалады. Жалпы шығынның 8,5 млрд теңгесі сайлау комиссияларының жұмысына қарастырылған. Сонымен қатар республика бойынша 47 жаңа сайлау учаскесі ашылып, олар қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. 23 тамыздағы дауыс беру күні ел аумағында 10674 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Сайлау процесіне 70 мыңнан астам адам тартылады. Бұдан бөлек, бөлінген қаражат сайлау бюллетенін басып шығаруға, ақпарат және әдістеме материалдарын әзірлеуге, байланыс пен көлік шығынын өтеуге жұмсалады. Сондай-ақ Сыртқы істер министрлігіне 61 елдегі 80 сайлау учаскесінің жұмысын ұйымдастыру үшін 124 млн теңге бөлінген.

ПАРТИЯЛАР ҮМІТКЕРГЕ ҚАНША АҚША ТӨЛЕЙДІ?

Орталық сайлау комиссиясы таратқан мәліметтерге сүйенсек, Құрылтай депутаттығына үміткерлерді тіркеу кезінде саяси партиялар әрбір үміткер үшін 15 ең төменгі жалақы көлемінде сайлау жарнасын төлейді. 2026 жылғы ең төменгі жалақы көлемі 85 мың теңге болғандықтан, бір үміткерге шаққандағы жарна 1 млн 275 мың теңгені құрайды. Сонымен бірге партиялардың 2023 жылғы Мәжіліс сайлауындағы нәтиже-



сіне қарай мынадай жеңілдіктер қарастырылған: 5 пайыз және одан көп дауыс жинаған партиялар сайлау жарнасынан толық босатылады; 3-5 пайыз аралығында дауыс алған партиялар жарнаның 50 пайызын (637,5 мың теңге) төлейді; 1-3 пайыз дауыс жинаған партиялар толық соманың 70 пайызын, яғни 892,5 мың теңге аударады. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы 23 тамызда өтеді.

ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Сайлау кезінде мүгедектігі бар азаматтар үшін де толық жағдай жасалып, инватаксі қызметі ұйымдастырылады. Дауыс беруге арналған үй-жайларда әртүрлі көрсеткіштер, тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған, соның ішінде арбаны пайдаланатын сайлаушылардың қолжетімділігі ескерілген жасырын дауыс беруге арналған кабина, орын дайындалуы қажет. Бұл арнайы бұрышқа құлаққап, қосымша жарықтандыру, Брайль қарпіндегі трафареттер, дауыс беруге арналған парақтың дыбыс нұсқасымен қамтамасыз етілуге тиісті.

ҚАНША БАҚЫЛАУШЫ КЕЛЕДІ?

ОСК отырысында сөз сөйлеген Орталық сайлау комиссиясы

төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман биылғы 1 шілдеде еліміздегі Құрылтай депутаттарының сайлауына халықаралық байқау институтын ашу туралы шешім қабылданғанын атап өтті. Сыртқы істер министрлігі мен Орталық сайлау комиссиясы сайлауды бақылауға қатысу үшін бірқатар мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға тиісті шақырулар жолдаған.

— Бүгінгі таңда Орталық сайлау комиссиясына аккредитациядан өту үшін 3 халықаралық ұйым мен 4 шет мемлекеттің 60 байқаушысының кандидатурасы ұсынылды. Соның ішінде ТМД байқаушылар миссиясынан – 4 адам, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясынан – 19 адам, ЕҚЫҰ ДИАҚБ байқаушылар миссиясынан – 32 байқаушы, сондай-ақ Мальдив Республикасы тарапынан – 2 кандидатура, оның ішінде осы елдің Сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары ұсынылды. Бұдан бөлек, Астанада тіркелген дипломатиялық корпусың дуайені саналатын Палестинаның Қазақстандағы елшісі, Венесуэланың Қазақстандағы елшісі және Венгрияның Қазақстандағы уақытша сенімді өкілі де аккредитациядан өтті. Аккредиттеуге қатысты ұсыныстар келіп түсуіне қарай байқаушылар туралы мәліметтер жаңарып отырады, – деді Мұхтар Ерман.

МӘСЛИХАТҚА ҚАНДАЙ ӨКІЛЕТ БЕРІЛДІ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Атап айтқанда, заңнамаға мәслихат аппараты басшысының құзыретін айқындайтын жаңа бап енгізілді. Оның негізгі функциялары мыналар: мәслихат аппаратының қызметіне басшылық етеді; өз құзыреті шегінде аппарат қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды; мәслихат аппаратының «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және қызметтен босатады; мәслихат аппаратының тәртіп және конкурс комиссияларының қызметіне жалпы басшылық жасайды; қызметтік тәртіптің сақталуын бақылайды; мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру,

материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді; мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін қарайды; өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді; мәслихат сессияларын, тұрақты және уақытша комиссиялардың отырыстарын ұйымдастырады. Сонымен қатар мәслихаттарға мынадай құқықтар берілді: әкімдердің халықпен кездесуі барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспарла-

рының орындалу нәтижелерін қарау; бюджеттік комиссиялардың жұмысына қатысу; елді мекендерді санитарлық тазарту қағидаларын бекіту; тексеру комиссияларының төрағалары мен мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану. Бұдан бөлек, заң депутаттық сауалдарды қарау мерзімін 30 күннен 15 күнге дейін қысқартады және жергілікті қоғамдастық жиналыстарының өкілетін кеңейтеді. Құжатқа сәйкес, бір адам облыстық, аудандық мәслихаттың, республикалық маңызы бар қала немесе астана мәслихатының төрағасы лауазымын қатарынан екі мерзімнен артық атқара алмайды деген шектеу енгізілген еді. Аталған заң биыл 26 шілдеден бастап күшіне енеді.

ӨЗЕН ЖАҒАСЫНДА РЕЙД ӨТКІЗДІ

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Есіл өзенінің жағалауында тұрғындар мен қала қонақтарының судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кең ауқымды профилактикалық рейд ұйымдастырды.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**



Оған Астана қаласы әкімдігінің, 6 ауданның өкілдері, полиция қызметкерлері, төтенше жағдайлар қызметінің мамандары және еріктілер қатысты. Рейд барысында демалушыларға судағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, арнайы ақпарат жадынамалары таратылды, рұқсат етілмеген жерлерде шомылудың қауіпі ескертілді.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, полковник Әрлен Бүркітбайдың айтуынша, соңғы күндері ауа температурасының күрт көтерілуіне байланысты өзен-көлдердің жағалауында демалушылар саны артқан.

– Күннің ыстығына байланысты тұрғындар мен қала қонақтары қауіпсіздік талаптарын сақтамай,

рұқсат егілмеген жерлерде суға түсіп жатыр. Сондықтан әкімдік, полиция және еріктілермен бірлесіп, профилактиканы күшейтіп келеміз. Басты мақсатымыз – айыппұл салу емес, адамдардың өмірін сақтау және қайғылы оқиғалардың алдын алу. Заң талаптарын бұзған азаматтарға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 412-бабына сәйкес айыппұл қарастырылғанын еске саламыз, – деді ол.

Ал Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды жою басқармасының инженері Ғазиз Ерболдың мәліметінше, күн сайын таңғы сағат 07:00-ден кешкі 20:00-ге дейін 40-тан астам қызметкер белгіленген бағыттар бо-

йынша патрульдік қызмет атқарады. Ыстық күндері жұмысқа қосымша күштер – полиция, әкімдік қызметкерлері мен еріктілер тартылады. Ал демалыс күндері халық көп жиналатындықтан, осындай ауқымды рейдтер тұрақты өтеді.

Мамалдардың айтуынша, биылғы шомылу маусымы басталғыс елордада 2 адам суға батып көз жұмған. Құтқарушылар 9 адамды, оның ішінде 2 баланы ажалдан арашалап қалған. Сондықтан Төтенше жағдайлар департаменті қала тұрғындарына тек арнайы рұқсат етілген жағажайларда ғана суға түсуді, балаларды қараусыз қалдырмауды және судағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды тағы бір мәрте ескертеді.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Елордада «Заң мен тәртіп – жауапты азаматтың өмір салты» тақырыбында Астана қаласы прокуратурасының бастамасымен және Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» қағидаттарына насихаттау мақсатында «Жасыл ел» еңбек жасағының жастарымен кездесті.

Жүздесу «Таза қала – жасыл болашақ» экология акциясы аясында ағаштарға су құю рәсімінен басталды. Бұдан кейін қатысушылар көрмені аралап, қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеудің маңызымен танысты. Сонымен қатар прокуратура өкілдері мен экология саласының мамандары

жастармен еркін пікір алмасып, құқықтық сауаттылық, азаматтық жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде ақпарат берді.

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының өкілі Ерлан Айдаровтың айтуынша, биыл елордада «Жасыл ел» жо-



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Кәуіпсіз Қазақстан үшін!

басы аясында 200 жас жұмыспен қамтылған. Оларға ең төменгі жалақы мөлшеріне теңестірілген 85 мың теңге көлемінде еңбекақы төленеді және барлығы арнайы жұмыс киімімен қамтамасыз етілген.

Кездесу барысында Астана қаласының эконобассадоры, экотренер және экологиялық кеңесші Мариям Имиалдинкызы тұрмыс қалдықтарын дұрыс сұрыптау мен қайта өңдеудің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, қоршаған ортаны қорғау әр адамның күнделікті өмір салтынан басталады. Ал елорданың Алматы ауданы прокурорының міндетін атқарушы Жолдас Асқаров «Жасыл ел» жастарының еңбегі қоғам үшін маңызды екенін атап өтті.



СУ НЫСАНДАРЫН ЖАҢҒЫРТАДЫ

Су ресурстары және ирригация министрлігінің ұйымдастыруымен Астана су қоймасы мен Астана қаласының қорғаныс бөгетін ауқымды жаңғырту жұмысының барысына қатысты баспасөз туры өтті.

Шапағат ӘБДІР

Онда Астана су қоймасының су жіберу құрылғысы, Астана қорғаныс бөгетінің контрреттегіші мен салынып жатқан су бұру каналы, нысандардағы құрылыс және жаңғырту жұмысының барысы таныстырылды. Нысандарда Су ресурстары және ирригация министрлігі

Су шаруашылығы комитетінің өкілдері, «Қазсушар» РМК Ақмола облысы филиалының мамандары және мердігер ұйым өкілдері атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат беріп, жобалардың жүзеге асу барысын айтты.

Жауапты мамандардың айтуынша, Астана қаласының қорғаныс бөгетін реконструкциялау жобасы аясында бөгет 4 шақырымға ныға-

йып, ұзарady екен. Автоматтандырылған апатты су жіберу құрылысы мен ұзындығы 23 шақырымнан асатын, Нұра өзеніне шығатын су бұру каналы да салынып жатыр екен. Жоба елорданы су тасқынынан қорғау деңгейін арттырумен қатар, іргелес аумақтардың гидрология режимін жақсартуға, сулы-батпақты экожүйелердің, оның ішінде қамысты биотоптардың сақталуы мен

дамуына қолайлы жағдай жасамақ.

– Астана су қоймасын кешенді реконструкциялау жобасы елорданың тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етуге, Есіл өзенінің ағынын тиімді реттеуге және су тасқынына қарсы қорғанысты күшейтуге бағытталған. Жоба аясында бөгет, су өткізу құрылыстары мен негізгі жабдықтар толық жаңғырып, су ресурсын басқару, мониторинг және ерте хабарлау жүйелері автоматтандырылады, – дейді Су шаруашылығы комитетінің төрағасы Арсен Жақанбаев.



ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз
августа



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

2026 ЖЫЛҒЫ

23

ТАМЫЗДА

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы

Құрылтай
депутаттары

5

жыл
мерзімге сайланады

Құрылтайдың құрамына партиялық
тізім бойынша сайланатын

145

депутат кіреді

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі



25 жасқа толған және елдің аумағында соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады



Партиялық тізімге енгізілген әйелдердің, жастардың, мүгедектері бар адамдардың жиынтық саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс

Партиялық тізімдегі адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

www.election.gov.kz

Биылғы шілде әлемнің көптеген елін бұрын-соңды болмаған аптап ыстықпен әбігерге салды. Еуропада ауа температурасы тарихи межеден асса, АҚШ пен Азияның бірқатар өңірінде тұрғындарға шұғыл ескерту жарияланды. Кей мемлекеттерде орман өрті өршіп, электр энергиясы мен ауыз суға түсетін жүктеме артты.

Шаһағат ӘБДІР

Ғалымдардың айтуынша, климаттың өзгеруі салдарынан экстремалды ыстық толқындар енді сирек кездесетін құбылыс емес, керісінше, жиілей түсетін табиғи қауіпке айналып келеді. Қазақстан да бұл үрдістен тыс қалып отырған жоқ. Синоптиктер елдің бірқатар өңірінде жоғары температураның сақталатынын, ал құрғақшылық пен өрт қаупі күшейетінін ескертіп отыр. Соңғы апталарда АҚШ-тың орталық және шығыс бөлігінде ауа температурасы кей жерлерде +46 градусқа дейін көтерілді. Қауіпті ыстыққа байланысты миллиондаған тұрғынға ескерту жарияланып, электр желілеріне түсетін жүктеме айтарлықтай артты. Кейбір штаттарда электр энергиясын тұтынуға уақытша шектеу енгізілді. Еуропадағы жағдай да мәз емес. Францияда кейінгі ондаған жылдағы ең күшті аптап тіркеліп, бірқатар департаментте ең жоғары – қызыл деңгейдегі метеорология қаупі жарияланды. Кей өңірлерде ауа температурасы 40 градустан асып, орман өрті жиілеген. Туристер көп баратын нысандардың жұмыс кестесіне де өзгеріс енгізіліп, адамдардың күннің ең ыстық уақытында сыртта жүруін шектеуге бағытталған шаралар қолға алынды. Германияда да рекордтық ыстық тіркелді. Елдің Роберт Кох институтының алдын ала бағалауынша, маусым айының соңына дейін аптап ыстыққа байланысты шамамен мыңдаған адам қайтыс болды. Олардың басым бөлігі – 75 жастан асқандар. Ал Үндістанның кей өңірлерінде ауа температурасы +50 градусқа дейін көтеріліп, дәрігерлер тұрғындарды күн



ӘЛЕМДІ ӘБІГЕРГЕ САЛҒАН АПТАП

нің ыстық уақытында үйден шықпауға шақыруда. Әсіресе балаларға, жүкті әйелдерге және созылмалы аурулары бар адамдарға ерекше сақ болуды қайта-қайта ескертуде.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЫСТЫҚ РЕКОРД

Климаттағы өзгерістің әсері Қазақстанда да айқын сезілді. Маусым айының соңында Астанада соңғы 85 жылда болмаған аптап ыстық тіркелді. «Қазгидрометтің» мәліметінше, 23 маусым күні елордада ауа температурасы +36,8 градусқа дейін көтеріліп, 1941 жылы тіркелген рекорд жаңарды. Синоптиктердің айтуынша, мұндай ыстыққа Иран аумағынан келген құрғақ әрі ыстық ауа массалары себеп. Шілде айында шіліңгірлене түскен аптап 14 шілдеде де еліміздің бірқатар өңірінде сақталды: Астанада ауа температурасы +37, Алматыда +32, Қызылордада +39, Таразда +36, Шымкентте +39, ал Түркістанда +41 градусқа дейін жетті. Мамандардың болжамынша, жекелеген өңірлерде ауа температурасы +46 градусқа дейін көтерілуі мүмкін. Соған қарамастан, синоптиктердің алдын ала болжамы бойынша 16 шілдеден бастап еліміздің солтүстік және орталық өңірлерінде аптап ыстық біртіндеп бәсеңдеп, ауа температурасы төмендей бастайды деп отыр.

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ ПЕН ӨРТ ҚАТАР КҮШЕЙМЕК

«Қазгидрометтің» шілде айына жасаған болжамына сәйкес, жауын-шашынның аз болуы мен жоғары температураның әсерінен еліміздің көптеген бөлігінде құрғақшылық қаупі сақталмақ. Әсіресе Қызылорда, Түркістан, Жетісу, Абай, Жамбыл, Алматы, Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының бірқатар аумағында төтенше өрт қаупі жарияланған. Сонымен қатар Ақмола, Ұлытау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Солтүстік Қазақстан және өзге де өңірлердің жекелеген аудандарында жоғары өрт қаупі

сақталып отыр. Мамандар мұндай жағдайда табиғат аясында от жағудан, темекі тұқылын тастаудан және өрт қауіпсіздігі талаптарын елемеуден сақ болуға шақырады. Себебі құрғақ өсімдік жамылғысы мен күшті жел өрттің тез таралуына себеп болады.

АПТАПТЫҢ ҚАУІП КІМДЕРГЕ?

Дәрігерлердің айтуынша, аптап ыстық ең алдымен балаларға, қарттарға, жүкті әйелдерге, жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жүйесі және бүйрек ауруларына шалдыққан адамдарға қауіп төндіреді. Сонымен қатар ашық аспан астында еңбек

ететін азаматтар да қауіп тобына жатады. Жоғары температура кезінде ағзадағы сұйықтық тез азайып, қан қоюланып, жүрекке түсетін салмақ артады. Бұл күн өтудің, қан қысымы көтерілуінің немесе төмендеуінің, инфаркт пен инсульт қаупінің ұлғаюына әсер етеді. Сондықтан дәрігерлер ыстықта ішпек-жемекке де аса назар аудару қажет дейді.

– Ағзаның сусыздануының алдын алу үшін жеткілікті мөлшерде сұйықтық ішіңіз. Күніне шамамен 2 литр су ішу жеткілікті. Кофеин қосылған сусындардан (кофе, энергетика сусындары және т. б.) бас тартқан жөн, өйткені олар жүрекке қосымша салмақ түсіреді. Ең тиімдісі – минералды су ішу. Ол шөлді басып қана қоймай, ағзадағы су-тұз теңгерімін сақтауға көмектеседі. Сондай-ақ майлы ет, ет өнімдері, кондитер өнімдері мен сәндірауқұлақтарды азайтып, құрамында суы көп көкөністер мен жемістерді (қызанақ, қияр, қарбыз) көбірек тұтыныңыз. Ыстық тағамдардың орнына салқын тағамдарды, мысалы, қызылша көжесі немесе окрошка секілді тағамдарды таңдаған дұрыс. Артық тамақтанбаңыз. Су процедураларын жиі қабылдаңыз. Салқын душ қабылдау немесе денені салқын сумен сүрту ағзаны сергітеді. Сондай-ақ түймедақ, сүйелшөп немесе итшопаған тұнбасы қосылған ванналар теріні залалсыздандыруға көмектеседі. Ашық су айдындарында шомылған кезде күннің ең ыстық уақытында суға түспеген жөн, өйткені күн өту қаупі жоғары, – дейді №11 қалалық емхананың жалпы тәжірибелік дәрігерлер бөлімшесінің меңгерушісі Ләззат Жүнісова.

Бұдан бөлек, мамандар күннің ең ыстық мезгілінде, яғни сағат 11:00-ден 14:00-ге дейін, мүмкіндігінше сыртқа шықпауды еске салады.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ АСТАНАНЫ ДА АЙНАЛЫП ӨТІПЕДІ

Сарапшылар соңғы жылдары байқалып отырған температурадағы рекордтар кездейсоқ

құбылыс емес екенін айтады. Жаһандық климаттың өзгеруі аптап ыстықтың жиілеуіне, құрғақшылықтың күшеюіне және табиғи апаттардың көбеюіне ықпал етіп отыр. Қазақстан үшін де бұл мәселе тек ауа райының қолайсыздығымен шектелмейді. Су ресурстарының азаюы, орман және дала өртінің жиілеуі, ауыл шаруашылығына келетін шығын мен халық денсаулығына төнетін қауіп алдағы жылдары маңызды мәселелердің біріне айналуы мүмкін.

– Бала кезімізде Астананың жазы мүлдем басқаша еді. Бұрын мұнда шіліңгір ыстық ұзаққа созылмайтын. Жаздың дәл ортасында да қоңыр самал есіп, бір ысып, бір жаңбыр жауып, артынша қайта салқындап кететін. Ауа райы құбылмалы болғанымен, адамға жайлы еді. Қазір климаттың өзгеруі ме, әлде табиғаттың өз заңдылығы ма, бұрынғыдай емес. Бір ысыса, бірнеше күн емес, апталап басылмайды. Кейде күннің ыстығы кешке дейін қайтпайды. Мұндай аптапты бұрын көрген емеспіз, – дейді елорда тұрғыны Айтбай Жүніс.

ҚАЗАҚЫ БОЛЖАМ ҚАЛТ КЕТПЕС

Қазақ халқы табиғаттың әр құбылысын жіті бақылап, соған қарап алдағы маусымның қалай боларын болжаған. «Жаз ыстық болса, қыс қатты болады», «Шілде күйдірсе, қаңтар сүйдірмейді», «Жаздың аптабы – қыстың хабары» деген халық арасында кең тараған болжамдар содан қалған. Әрине, бұл – ғылыми қағида емес, бірақ ғасырлар бойы табиғатпен етене өмір сүрген көшпелі жұрттың тәжірибесінен туған пайымдар. Этнографтардың айтуынша, қазақ үшін табиғат – тіршіліктің өлшемі. Мал баққан ел жаздағы шөптің шығымына, желдің бағытына, жауын-шашынның мөлшеріне, құстардың қимылына қарап алдағы қысқа қамданған. Егер жаз ерекше ыстық әрі құрғақ болса, қыстың қытымыр болатынын болжап, шөпті көбірек дайындап, азық қорын молайтқан. Сол себепті үлкендер «Қыстың қамын жаз ойла» деп бекер айтпаған.

Қазір ғылым климаттың жаһандық өзгеруі салдарынан экстремалды ыстық жиілеп жатқанын дәлелдеп отыр. Дегенмен халықтың көнеден жеткен табиғатқа қатысты байқауы бүгінмен үндесіп жатқандай. Қалай болғанда да, ұзаққа созылған аптап ыстықтың адам денсаулығына, ауыл шаруашылығына, мал мен егінге, тіпті күнделікті тұрмысқа да айтарлықтай салмақ түсіретіні анық. Сондықтан табиғаттың тосын мінезіне бейімделіп, қауіпсіздік шараларын сақтап, әр маусымға алдын ала дайындалу бүгінде бұрынғыдан да маңызды болып отыр.

САЛДАРЫНАН САБАҚ АЛУ КЕРЕК



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Атап айтқанда, Sensata Group компаниясының жұмысшыларымен кездескен Астана қаласы Алматы ауданы прокуратурасының өкілдері оларға қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, есірткі құралдарын қолданудың зияны, есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік болатыны, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы туралы баяндады. Іс-шараға кәсіпорынның 50-ге жуық қызметкері қатысты.

– Нашақорлық қазіргі қоғамның ең үлкен қауіптерінің бірі болып қала береді. Есірткінің таралуына қарсы күрес әр азаматтың белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Заңды сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, болашағыңызға жауапкершілікпен қарау және қоғам қауіпсіздігіне әсер ететін мәселелерге бей-жай қарамау маңызды. Бұл – құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайтуға көмектесетін профилактикалық жұмыс және ашық

диалог, – деді Астана қаласы Алматы ауданы әкімі аппараты ішкі саясат бөлімінің бас маманы Алтынай Мұсаева. Дәрістің жеке блогы балалардың терезеден құлап кетуіне және алаяқтыққа жол бермеу мәселелеріне арналды. Прокуратура өкілдері құрылыс саласының қызметкерлеріне тұрмыста қауіпсіздік шараларын сақтау қажет екенін еске салып, бұл мәселеде сергек болуға, телефон және интернет-алаяқтардың айла-амалына берілмеуге шақырды.

– Елімізде күн сайын балалардың терезеден құлау жағдайы орын алуда. Әр кез ата-аналар: «Біз бірнеше минутқа ғана басқа жаққа алаңдап кетіп едік» дейді. Бірақ дәл осы бірнеше минуттың өзі баланың құлап кетуіне жеткілікті. Москва торы баланың салмағын ешқашан көтермейді. Үйге келген соң терезелерді ашатын шектеулер орнатылғанын тексеруді, терезелер алдынан жиһазды алып тастауды, кішкентай балаларды терезесі ашық бөлмеде жалғыз қалдырмауды және балаларға терезенің неге қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіруді сұраймын, – деді Астана қаласы Алматы ауданы прокуратурасы бөлімінің прокуроры Ботагөз Секенова.

Аудан прокуратурасы бөлімінің аға прокуроры Олжас Жарқынбек қатысушыларды бейтаныс адамдармен

қарым-қатынас кезінде барынша сақ болуға шақырды.

– Бүгінде алаяқтар азаматтардың ақшасын иемдену үшін заманауи технологиялар мен психологиялық әдістерді қолданады. Растау кодын, банк картасының деректемесін және дербес деректерді бөгде адамдарға бермеңіз, ал күмән туындаған кезде әңгімені тоқтатып, дереу құқық қорғау органдарына хабарласыңыз, – деді ол.

Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және аудан тұрғындары арасында заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында құқық қорғау органдарымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, алдын алу іс-шараларын жүргізуді жалғастырады.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ: ТҮЙТКІЛІ МЕН ТҮЙІНІ

Экономикалық қылмыстармен күресетін барлық құзырлы органдар, соның ішінде Қаржы мониторингі агенттігі (ҚМА) іске асырып жатқан іс-шараларға қарамастан, қаржы пирамидалары жойылмай, жұмыс қарқынын бәсеңдетпей отыр. Өйткені олар қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделіп, формасын өзгертіп, жаңа жобалар мен қызмет түрлеріне айналып, адамдарды алдап-арбауын бір сәтке де тоқтатқан емес. Себебі әр адам жеңіл, оңай жолмен табатын табысқа елеңдеп тұратыны рас.



ҚКИ көмегімен жасалды

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ЖАҢА ТӘСІЛ ТИІМДІ МЕ?

Маусым айында ҚМА қызметкерлері «CVK» деп аталатын кәсіпорынның қызметін әшкереледі. Қаржылық пирамида маркетинг формасында қызмет етіп, 1,5 мың адамды алдағаны мәлім болды. Құқық қорғаушылар дер кезінде іс-қимыл жасап, интернет-дукендерге салынған крипто-әмияндардағы 500 мың АҚШ долларын бұғаттап үлгеріпті. Бұл деректің өзі құзырлы органдардың қаржылық қылмыстарға қарсы күресіне қарамастан осындай алаяқтық оқиғалар тыйылмай отырғанын көрсетеді.

Өзекті мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та айрықша назар аударып, қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың жаңа тәсілдерін ойластыру қажеттігін айтып келеді. «Қабылданып жатқан іс-шаралар да, түсіндіру жұмыстары да жағдайды түбегейлі өзгерте алмай тұр. Өйткені алаяқтар пирамиданы түрлі қаржы құралдары сияқты ұсынады. Ал азаматтар олардың арбауына түсіп, бар тапқан-таянганынан айырылып қалып жатыр. Сондықтан қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеп, проблеманың түп тамырын анықтаған жөн. Өз әрекетінің заңсыз екенін біле тұра, адамдарды түрлі алаяқтық схемаларға тартатын пирамида қатысушыларына құқықтық жауапкершілік енгізу мәселесін қарастыру қажет. Мұндай алаяқтарды немесе қымсынбай қылмысқа баратын жандарды түрмеге қамап, қылмыстық жазаға тарту керек» деді ел Президенті жыл басында Қаржылық мониторинг агенттігінде өткен жиында.

Қаржы мониторингі агенттігі Мемлекет басшысының осы тапсырмасын іске асыру мақсатымен биыл 23 мамырда Қоғамдық көмекшілер институтына (ҚКИ) ашты. Осы ҚКИ аясында еліміздегі кез келген азаматы заңдық негізде экономикалық қылмыстармен және

қаржылық пирамидалармен күресте мемлекетке көмектесе алады. Алайда іріктеу рәсімі қатал реттелген және бірнеше кезеңмен өтеді. Қоғамдық көмекші мәртебесін алу үшін үміткер әуелі экономикалық тергеулердің аумақтық департаментіне жазбаша өтініш жазады. Өтінішке жеке куәлік көшірмесін, сондай-ақ өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы құжаттарын ұсынады. Бұдан кейін құзырлы ведомство үміткерді наркологиялық, психоневрологиялық есепте жоқтығын қоса алғанда, барлық мәліметтер базасы бойынша тексереді. Одан кейін құжаттар жергілікті әкімдікке жіберіліп, сол жерде шешім шығарылады. Әкімдік мақұлдаған соң, үш жылға ресми куәлік беріледі. Қоғамдық көмекшілер экономикалық қылмыстармен күрес жөніндегі қызмет мамандарымен бірігіп жұмыс істейді.

ҚМА тартатқан ақпаратқа сүйенсек, ҚКИ-ның үміткерлеріне ерекше талап қойылады. «ЭҚТ қызметінің ерекшелігін ескеріп, қоғамдық көмекші ретінде заңды сыйлайтын, азаматтық жауапкершілігі мен патриоттық сезімі жоғары, іскерлік беделіне нұқсан келмеген адамдар, сондай-ақ заңдылықты нығайтуға, халықтың құқықтық сауатын көтеруге үлесін қосқысы келетін қоғамдық пікір көшбасшылары және азаматтық қоғам өкілдері қарастырылады» делінген құзырлы агенттіктің ресми хабарламасында. Қоғамдық көмекшілер күнделікті жедел құқықтық, күштік іс-шараларға қатыспайды. Ерікті азаматтар қаржылық қылмыстардың алдын алу және одан сақтануды түсіндіреді. Олар ҚМА қызметкері ретінде өзін таныстырып, жасырын бейнежазба түсіріп, дәлел жинап, құқық бұзушыларды ұстай алмайды. Тіпті, атқарған жұмысы үшін ақшалай сыйақы да алмайды. Бұл жерде ҚМА жергілікті бюджеттің мүмкіндіктері болса ғана қоғамдық көмекшілерге ақы төлеу туралы шешім шығаруды әкімдіктер құзырына берген. Сонымен, ҚКИ Президент тапсырған қаржылық алаяқтықпен күрестің жаңа тәсілі бола ала ма, әлде жоқ па, оны уақыт көрсетер.

ПИРАМИДАНЫҢ ФОРМАСЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Қазір алаяқтар да әккіленіп алған. Олар қандай да бір қаржылық тізбекке ақша салуды ұсынса, адамдарды алдай алмайтын жақсы біледі. Сол себептен бұл құрылым мүлдем өзгеріп кетті. Мәселен, олар «Табысты инвесторлардың жабық қауымдастығын» құрып, осы бірегей жобаға қатысып, инвестициялық пакетін сатып алуды ұсынады. Жаңа цифрлық формат арқылы табыс табуға әркімнің қызығатыны анық. Өйткені цифрлық платформаның көмегімен білім беру курсы, қандай да бір халыққа қажетті тауарларды сату қиын емес. Бұл жерде шынайы табыс көзі қалай жасырынып жатқанын ешкім біле алмайды.

2026 ЖЫЛДЫҢ 6 АЙЫНДА 18 ҚАРЖЫЛЫҚ ПИРАМИДАҒА ҚАТЫСТЫ 28 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ТІРКЕЛДІ. АЯҚТАЛҒАН ІСТЕР БОЙЫНША 695 АЗАМАТ ЖӘБІРЛЕНУШІ ДЕП ТАНЫЛЫП, ОЛАРҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛ 5,8 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ. ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ МАҚСАТЫНДА 1,6 МЛРД ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕГІ МҮЛІККЕ ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттік мамандары бұл тізбекті былайша түсіндіреді: классикалық қаржы пирамидасы бір ғана қағидатпен жұмыс істейді. Мысалы, жобаның алғашқы қатысушыларына жаңа салымшылардың қаражаты есебінен төлем аударылады. Бұл жерде уәде етілгендей көп табыс әкелетін шынайы инвестициялық қызмет деген жоқ. Жаңа адамдар ақшасын салған сайын, қаржылық тізбек табысты жоба болып көрінеді. Ал ақша ағыны күрт тоқтаған кезде жобаның да күлі көкке ұшады.

Алаяқтарға мұндай қылмысты жасауға әсіресе Telegram, WhatsApp және өзге де мессенджерлер қолайлы болып тұрғаны рас. Өйткені ол жерде жабық топ ашып, қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізген

адамдардың бейнесін сомдау тіптен оңай. Мысалы, алаяқтар құны қымбат автокөліктердің, шетелдік саяхаттардың суреттерін, банк аударымдарының скриншоттарын салып, адамдарды қызықтырады. Аз уақытта мол табысқа кенелген жандардың өмірін, демалысын көрсету арқылы аңқауларды жобаға қаржы салуға үгіттейді. Мұндай кезде адам баласының тез иланып, қайтсе де осы жобаға қатысуға тәуекелге бел буатын кездері көп. Алаяқтар осындай әрбір жағдайды өз пайдасына шеше алады.

АЛТЫ АЙДА ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ МА?

Осы мақаланы жазу барысында Қаржы мониторингі агенттігіне (ҚМА) басылымның атынан ресми сауал жолдап, қаржылық қылмыстарға қатысты статистикалық деректерді сұраған едік. Құзырлы мекеменің ресми өкілі Ернар Тайжанның айтуынша, 2026 жылдың алғашқы 6 айында 18 қаржылық пирамиданың заңсыз қызметі әшкереленіп, жолы кесілген. Оларға қатысты 28 қылмыстық іс тіркелген (соның ішінде 1 іс заңсыз жарнама фактісі бойынша). «Жалпы өндірісте 28 қаржылық пирамидаға қатысты 49 қылмыстық іс болды. Осы істер бойынша шамамен 6,8 мың азамат салымшы ретінде анықталды. 2026 жылдың 6 айында 18 қаржылық пирамидаға қатысты 28 қылмыстық іс тіркелді. Аяқталған істер бойынша 695 азамат жәбірленуші деп танылып, оларға келтірілген залал 5,8 млрд теңгені құрады. Залалды өтеу мақсатында 1,6 млрд теңге көлеміндегі мүлікке тыйым салынды, оның ішінде 8 млн теңге нақты қайтарылды. Жалпы өтелген және тыйым салынған мүлікті қоса есептегендегі залалды қамтамасыз ету көлемі 1,6 млрд теңгені немесе 27,6 пайызды құрады» дейді ресми өкіл.

«Мұндай жағдайда қарапайым азаматтар өз құқығын



ТӘРТІП ПЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҰШТАСТЫРҒАН

Қазіргі таңда құқық қорғау саласы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына бейімделіп, жаңа кезеңге қадам басты. Ақпарат жүйелерін жетілдіру, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану және қызмет көрсету сапасын арттыру заманауи полиция жұмысының ажырамас бөлігіне айналды. Осы өзгерістердің алдыңғы шебінде жүрген кәсіби мамандардың бірі – Астана қаласы Полиция департаменті Цифрландыру және жасанды интеллект басқармасы бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Жұлдыз Байленова.

Қалиакбар ҰСЕМХАНҰЛЫ

Жұлдыз Масғұтқызы ішкі істер органдарындағы қызмет жолын 2003 жылы бастаған. Содан бері құқық қорғау саласының түрлі бағытында қызмет атқарып, мол тәжірибе жинақтады. Ұзақ жылдар бойы ол заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісіне үлес қосып қана қоймай, басқару жүйесін жетілдіру мен қызметті жаңғырту бағытында да жемісті еңбек етіп келеді.

Бүгінде ол жетекшілік ететін бөлім – Астана қаласы полициясы цифрлық трансформациясының маңызды тіректерінің бірі. Мұнда деректерді талдау, жасанды интеллект элементтерін енгізу, жедел басқару жүйелерін жетілдіру және қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық жобалар жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы жұмыс оның стратегиялық ойлау қабілетін, технологияға деген қызығушылығын және өзгерістерді басқарудағы тәжірибесін айқын көрсетеді.

Әріптестері Жұлдыз Байленованы талапшыл әрі жауапкершілігі жоғары басшы ретінде бағалайды. Оның басқарушылық тәжірибесі, ұйымдастырушылық қабілеті мен жаңашыл көзқарасы ұжым жұмысының нәтижелілігіне оң әсерін тигізіп келеді. Қызмет барысында тәртіпке беріктік, ұқыптылық пен кәсібилік оның басты ұстанымдарының біріне айналған.

Қызметтен тыс уақытта да Жұлдыз Масғұтқызы

жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Ол қолөнермен айналысып, тігін тігуді, тұрмысқа қажетті бұйымдарды өз қолымен жасауды ұнатады. Тоқыма тоқу арқылы шығармашылық шабыт алып, жан тыныштығын табады. Мұндай істер оның қызметтік міндеттерді де сабырмен, байыппен шешуіне ықпал етеді.

Тарихи әдебиеттерге деген қызығушылығы да ерекше. Өткенді тану арқылы бүгінгі қоғамның даму үдерістерін тереңірек түсінуге ұмтылатын ол тарихи еңбектерден тағылым алып, ой-өрісін кеңейтуді әдетке айналдырған. Сонымен қатар әлемнің әртүрлі елінен жиналған сувенирлік тәрепкерлік коллекциялау – оның ерекше хоббиілерінің бірі. Бұл қызығушылық оның түрлі мәдениеттерге құрметпен, әлемге ашық көзқараспен қарайтын тұлға екенін аңғартады.

Отбасында Жұлдыз Байленова – екі қыздың ардақты анасы. Қызмет пен отбасы міндетін үйлестіре білуі – оның өмірлік ұстанымындағы тәртіп пен жауапкершіліктің көрінісі. Жолдасы да ішкі істер органдарында ұзақ жылдар қызмет атқарып, бүгінде полковник шеніндегі ардагер ретінде құрметке ие азамат.

Жұлдыз Масғұтқызы – дәстүрлі полиция қызметін заманауи технологиялармен ұштастырып, құқық қорғау саласының жаңа келбетін қалыптастыруға үлес қосып жүрген кәсіби офицер. Оның еңбек жолы кәсібилік пен жаңашылдықтың, жауапкершілік пен адамгершіліктің үйлесімін айқын көрсетеді.

6 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№83 (4981) 16/07/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 20 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:10 «Шабдалы, 18» телехикаясы.
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «МЫҢ ҮӘДЕ» телехикаясы.
10:00 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:00 «Қызық екен...»
12:50 «Ыстық үя» телехикаясы.
13:55 «Құралайдың салқыны»
14:30 «Ақорда»
14:45 «Әндер мен жылдар»
15:40 ФУТБОЛ. FIFA WORLD CUP 2026.
15:55 «Бір үйдің балалары» телехикаясы.
17:20 «Қазір айтайық»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ӘУЛЕТ ҚҰПИЯСЫ» телехикаясы.
21:25 «Бір үйдің балалары» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 түн»
0:40 «Қазір айтайық»
1:30 «Ашық алаң»
2:25 «Қызық екен...»
3:10 «Шабдалы, 18» телехикаясы.



5:00 “Әке бақыты”
5:45 “Маңдай тер”
6:50 “XXI ғасыр көшбасшысы”
8:00 Әлішер Кәрімовтың жеке концерті
10:00 Телехикана “Алпыстан асып барамын”
13:00 “ОйнаIQ”
14:00 Мультсериал “Барбоскины”
15:00 “Халық таңдауы”
15:30 Телесериал “Райское место”
19:00 Новости
19:30 Жаңалықтар
20:00 “Тракторшының махаббаты”
21:00 Телехикана “Ар алдында”
23:00 “Жарай ма?” Ернар Айдар

ASTANA TV

06:00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
08:00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
10:15 «Үкім 3» телехикаясы
11:30 «Пракурор» телехикаясы
12:30 Көркем фильм
14:20 «Зу-Зу Күлпаш» телехикаясы
15:30 «Қолымнан ұста» телехикаясы
17:40 «Сарай жаунары» телехикаясы
19:00 «Astanatimes»
20:00 «Үкім 3» телехикаясы
21:00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
22:50 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
00:00 «Пленица» телесериал



06:00 «KÖREMİZ-ШОУ»
07:05 «QADIMKA» бағдарламасы
07:40 «Тұзаққа түскен таңдырлар»
08:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
12:10 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
13:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ»
20:35 Многосерийный фильм «ПУЛЯ»
01:25 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
02:05 Многосерийный фильм «ЯНЫЧАР»
03:45 «П@УТИНА» бағдарламасы



7:00 ҚР ӘНУРАНЫ
7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:20 “ТОҒЖАН”, отандық телехикаясы
10:30 “ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО”
12:15 “БЫЛО ДЕЛО”
14:20 “АЛЛО”, казахстанская комедия
16:30 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”, мелодрама
18:30 “РАМО”, турецкая драма.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 “ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ”, мелодрама
23:50 “МАРГАРИТА”, мелодрама
1:50 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”, мелодрама
3:40 “ТОҒЖАН”, отандық телехикаясы (қайталау)
5:10 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 «Әзіл студио» ойын-сауық
07:00 «Алдараспан»
09:00 Мультсериал «Губка Боб»
09:50 «Пингвины Мадагаскара»
10:40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:30 «Барбоскины Тест» (повтор)
13:00 «Астерикс и Обеликс в Британии»
15:10 «Жипаж» (повтор)
18:00 «Криминальный город» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Одаренная»
23:00 «Дом большой мамочки 2»
01:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What’s up?»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 “Ұлы дала жанұясы”, Телехикая
6:22 “Ауыл дәрігері”, Телехикая
7:10 “Үзілген жапырақтар”, Телехикая
8:00 “ЖЕТІМДЕР”, Телехикая
10:00 “Təyіп Хо Жун”, Телехикая
11:20 Телесериал
12:25 “ЖЕТІНШІ СТУДИЯ”.
12:50 Әзілiң жарасса...
13:40 “ҚАЙСАР ЖҮРЕК”, Телехикая
15:10 “ТАҚИЯСЫЗ ПЕРІШТЕ”, Телехикая
17:00 Телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 “ЖАР - ПТИЦЫ”. Телесериал
22:00 “ДАЛЕКИЙ ГОРОД”. Телесериал
23:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая
0:00 “ТӘУІП ХО ЖУН”.
2:00 Телесериал
4:50 Гүл-гүл шоуы

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Телехикая «Достық 99» (каз.)
07.40 Реалити-шоу «Жаңа қазахи» (каз.)
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
09.20 «ОЧЕНЬ СТРАННЫЙ РАЙ»
10.20 «ВОЛШЕБНЫЙ ПАРК ДЖУН»
12.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
13.00 «МИР НАИЗНАНКУ. ВЬЕТНАМ»
14.10 Программа «АФЕРИСТЫ В СЕТЯХ»
15.20 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
15.40 «КОРОЛЬ - ЛЬВЕНОК»
17.40 «ОБИТЕЛИ ЗЛА: ВОЗМЕЗДИЕ»
19.30 Сериал «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
20.30 «МИССИОНЕР»
22.20 Сериал «МОШЕННИКИ 2»
23.50 Реалити-шоу «Жаңа қазахи» (каз.)
01.20 «Қызық Live» (каз.)
02.00 «Ұ- NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

21 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

5:30 ӘНУРАН
6:05 «АБЫСЫНДАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «МЫҢ ҮӘДЕ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:00 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
12:50 «ЫСТЫҚ ҰЯ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
13:55 «МІНСІЗ МҮСІН ИЛЛЮЗИЯСЫ»
14:15 «КАНТ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ.
14:35 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
15:55 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ТОҚ-ШОУЫ.
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ӘУЛЕТ ҚҰПИЯСЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ»
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:10 АҚПАРАТ
0:40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ТОҚ-ШОУЫ.
1:30 «АШЫҚ АЛАҢ»
2:25 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫК ТЕЛЕВИКТОРИНАСЫ.
3:10 «АБЫСЫНДАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.



5:00 “ӘКЕ БАҚЫТЫ”
5:45 “МАҢДАЙ ТЕР”
6:50 “XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ”
8:00 “ЖАРАЙ МА?”. ЕРНАР АЙДАР
10:00 “АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН”
13:00 “ОЙНАIQ”
14:00 МУЛЬТСЕРИАЛ “БАРБОСКИНЫ”
15:00 “ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ”
15:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ “РАЙСКОЕ МЕСТО”
19:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 “ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ”
21:00 ТЕЛЕХИКАЯ “АР АЛДЫНДА”
23:00 “АНА ҚАДІРІ”. ЕРКІН НҰРЖАНОВ

ASTANA TV

06.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
08.00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
10.15 «Үкім 3» телехикаясы
11.30 «Пракурор» телехикаясы
12.30 Көркем фильм
14.20 «Зу-Зу Күлпаш» телехикаясы
15.30 «Қолымнан ұста» телехикаясы
17.40 «Сарай жаунары» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 3» телехикаясы
21.00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
22.50 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
00.00 «Пленица» телесериал



06:00 «KÖREMİZ-ШОУ»
07:05 «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО»
08:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
12:10 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
13:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:25 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Многосерийный фильм «ПУЛЯ»
01:25 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
02:05 Многосерийный фильм «ЯНЫЧАР»
03:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03:45 «П@УТИНА» бағдарламасы



7:00 ҚР ӘНУРАНЫ
7:30 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:10 “ТОҒЖАН”, отандық телехикаясы
9:50 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:30 “ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО”
12:20 “МАРГАРИТА”, мелодрама (повтор)
14:30 “ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ”
16:30 “РАМО”, турецкая драма.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
22:40 “ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ”
23:40 “МАРГАРИТА”, мелодрама
1:50 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”
3:40 “ТОҒЖАН”
5:15 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)



06:00 «Әзіл студио»
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 Мультсериал «Губка Боб»
09:30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
10:50 КИНО. Мартин Лоуренс в комедии «Дом большой мамочки 2» (повтор)
12:50 КИНО. Дуэйн Джонсон в фантастическом боевике «Геракл» (повтор)
14:50 КИНО. Шайа ЛаБаф в фантастическом боевике «Трансформеры: Месть падших» (повтор)
17:50 «Охотники за привидениями 2»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Мэтт Дэймон в боевике «Элзеник: Рай не на Земле»
23:00 КИНО. Мартин Лоуренс в комедии «Большие мамочки: Сын как отец»
01:10 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show» 04:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What’s up?»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 “Ұлы дала жанұясы”, Телехикая
6:22 “Ауыл дәрігері”, Телехикая
7:10 “Үзілген жапырақтар”, Телехикая
8:00 “ЖЕТІМДЕР”, Телехикая
9:40 “Təyіп Хо Жун”, Телехикая
10:00 Телесериал
12:25 “ЖЕТІНШІ СТУДИЯ”.
12:50 Әзілiң жарасса...
13:40 “АТА-АНА, БАЛА-ШАҒА”, Телехикая
15:10 ТАҚИЯСЫЗ ПЕРІШТЕ. Телехикая
17:00 Телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 “ЖАР-ПТИЦЫ”. Телесериал
22:00 “ДАЛЕКИЙ ГОРОД”. Телесериал
23:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая
0:00 “ТӘУІП ХО ЖУН”.
4:50 Гүл-гүл шоуы

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Телехикая «Достық 99» (каз.)
07.40 Реалити-шоу «Жаңа қазахи» (каз.)
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ»
10.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
12.00 «МИР НАИЗНАНКУ. ВЬЕТНАМ»
13.10 «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
14.10 Программа «АФЕРИСТЫ В СЕТЯХ»
15.20 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
16.20 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
17.40 «МИССИОНЕР»
19.30 Сериал «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
20.30 «ЭВАКУАЦИЯ» (боевик, Джон Фу, Дэни Гловер, Винни Джонс)
22.20 Сериал «МОШЕННИКИ 2»
00.30 Реалити-шоу «Жаңа қазахи» (каз.)
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

7:00 ҚР ӘНУРАНЫ
7:30 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:10 “ТОҒЖАН”, отандық телехикаясы
9:50 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:30 “ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО”
12:20 “МАРГАРИТА”, мелодрама (повтор)
14:30 “ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ”
16:30 “РАМО”, турецкая драма.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
22:40 “ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ”
23:40 “МАРГАРИТА”, мелодрама
1:50 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”
3:40 “ТОҒЖАН”
5:15 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)

СӘРСЕНБІ

22 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

5:30 ӘНУРАН
6:05 «АБЫСЫНДАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «МЫҢ ҮӘДЕ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:00 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
12:50 «ЫСТЫҚ ҰЯ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
13:55 «ГОРМОНДАР БАЛАНСЫ»
14:20 «БӘС ТІГІ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ
14:55 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
15:55 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ»
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ӘУЛЕТ ҚҰПИЯСЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОҚ-ШОУЫ.
23:10 «1001 ТҮН» АҚПАРАТТЫҚ, ОЙЫН-САУЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ.
0:10 АҚПАРАТ
0:40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ТОҚ-ШОУЫ.
1:30 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОҚ-ШОУЫ.
2:25 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫК ТЕЛЕВИКТОРИНАСЫ.
3:15 «АБЫСЫНДАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.



5:00 “ӘКЕ БАҚЫТЫ”
5:45 “МАҢДАЙ ТЕР”
6:50 “XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ”
8:00 “АНА ҚАДІРІ”. ЕРКІН НҰРЖАНОВ
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ “АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН”
13:00 “ОЙНАIQ”
14:00 МУЛЬТСЕРИАЛ “БАРБОСКИНЫ”
15:00 “ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ”
15:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ “РАЙСКОЕ МЕСТО”
19:00 НОВОСТИ
19:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ “ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ”
21:00 ТЕЛЕХИКАЯ “АР АЛДЫНДА”
23:00 “ВАЛЬС”. НҰРБОЛАТ АБДУЛЛИН

ASTANA TV

06.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
08.00 «ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10.15 «ҮКІМ 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11.30 «ЗЯТЬ ДЕПУТАТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
12.30 КӨРКЕМ ФИЛЬМ
14.00 «ЗУ-ЗУ КҮЛПАШ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
15.30 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
17.40 «САРАЙ ЖАУНАРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
19.00 «ASTANATIMES»
20.00 «ҮКІМ 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21.00 «ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
22.50 «СӨНБЕГЕН ЖАЛЫН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00.00 «ПЛЕНИЦА» ТЕЛЕСЕРИАЛ



06:00 «KÖREMİZ-ШОУ»
07:05 «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО»
08:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
12:10 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
13:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПУЛЯ»
23:05 «ВОЗМЕЗДИЕ»
01:25 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
02:05 «ЯНЫЧАР»
03:45 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ



7:00 ҚР ӘНУРАНЫ
7:30 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:10 “ТОҒЖАН”
10:30 “ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО”
12:20 “МАРГАРИТА”, МЕЛОДРАМА
14:30 “ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ”
16:30 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”
18:30 “РАМО”, ТУРЕЦКАЯ ДРАМА.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 “ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ-2”
23:50 “МАРГАРИТА”, МЕЛОДРАМА
1:50 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”
3:40 “ТОҒЖАН”
5:10 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ (ҚАЙТАЛАУ)
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР



06:00 «ӘЗІЛ СТУДИО»
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 «31 ӘЗІЛ»
09:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ГУБКА БОБ»
10:40 «ПИНГВИНЫ МАДАГАСКАРА»
11:30 МУЛЬТСЕРИАЛ «КУНГ-ФУ ПАНДА»
12:20 «АСТЕРИКС И ОБЕЛИКС» (ПОВТОР)
14:30 «007: СПЕКТР» (ПОВТОР)
17:30 «ОХОТНИКИ ЗА ПРИВИДЕНИЯМИ: НАСЛЕДНИКИ»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ХИТМЭН: АГЕНТ 47»
23:00 «ЭЛИЗИУМ: РАЙ НЕ НА ЗЕМЛЕ»
01:10 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
02:40 «TIME VINE» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
03:00 «TIKTOK SHOW» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:20 «1001 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATTLE»
05:00 «WHAT’S UP?» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
05:20 «РИЗАМЫН» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



6:00 Әнұран
6:02 “Ұлы дала жанұясы”, Телехикая
6:22 “Ауыл дәрігері”, Телехикая
7:10 “Үзілген жапырақтар”, Телехикая
8:00 “ЖЕТІМДЕР”, Телехикая
9:30 НОВОСТИ
9:40 “ЖЕТІМДЕР”. Телехикая
10:00 “Təyіп Хо Жун”.
11:20 Телесериал
12:25 “ЖЕТІНШІ СТУДИЯ”.
12:50 Әзілiң жарасса...
13:40 “АТА-АНА, БАЛА-ШАҒА”. Телехикая
15:10 ТАҚИЯСЫЗ ПЕРІШТЕ.
17:00 Телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

18:30 Телесериал
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 “ЖАР - ПТИЦЫ”. Телесериал
22:00 “ДАЛЕКИЙ ГОРОД”. Телесериал
23:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая
0:00 “ТӘУІП ХО ЖУН”.
2:00 Телесериал
4:50 Гүл-гүл шоуы

НТК

07.00 «РАЗМИНКА» (КАЗ/РУС)
07.15 ТЕЛЕХИКАЯ «ДОСТЫҚ 99» (КАЗ.)
07.40 РЕАЛИТИ-ШОУ «ЖАҢА КАЗАХИ»
08.30 «INSTA LIKE» (КАЗ.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ»
10.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
12.00 «МИР НАИЗНАНКУ. ВЬЕТНАМ»
13.10 СЕРИАЛ
14.10 ПРОГРАММА «АФЕРИСТЫ В СЕТЯХ»
15.20 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
16.20 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
08:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09:30 СЕРИАЛ «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
11:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
12:10 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
13:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПУЛЯ»
23:05 «ВОЗМЕЗДИЕ»
01:25 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
02:05 «ЯНЫЧАР»
03:45 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ

БЕЙСЕНБІ

23 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

5:30 ӘНУРАН
5:35 АҚПАРАТ
6:05 «АБЫСЫНДАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TANSHOLPAN»
9:00 «МЫҢ ҮӘДЕ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ»
12:00 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
12:50 «ЫСТЫҚ ҰЯ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
13:55 «PRIME ERA»
14:20 «ТАЗА САНА»
14:55 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
15:55 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ТОҚ-ШОУЫ.
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ӘУЛЕТ ҚҰПИЯСЫ»
21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ»
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОҚ-ШОУЫ.
23:10 «1001 ТҮН» АҚПАРАТТЫҚ, ОЙЫН-САУЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
0:10 АҚПАРАТ
0:35 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
1:25 «PRIME ERA»
1:45 «АШЫҚ АЛАҢ»
2:40 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
3:20 «АБЫСЫНДАР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.



5:00 “Әке бақыты”
5:45 “Маңдай тер”
6:50 “XXI ғасыр көшбасшысы”
8:00 “Вальс”. Нұрболат Абдуллин
10:00 Телехикая “Алпыстан асып барамын”
13:00 “ОйнаIQ”
14:00 Мультсериал “Барбоскины”
15:00 “Халық та



ТЕАТР МАУСЫМЫНДАҒЫ ТАБЫС

2025-2026 жылғы театр маусымы еліміздің театрлары үшін табысты аяқталды. Осы кезеңде ел театрлары 16 мыңнан астам спектакль ұсынып, 410 жаңа қойылымды сахналады. Жалпы 2 832 835 көрермен театр өнерін тамашалады.

Маусымның басты жетістіктерінің бірі – театр репертуарының мазмұны мен жанрлық аясының кеңеюі. Айрықша қойылымдардың қатарында «Астана Опера» театрындағы «Қыпшақ қызы Алпақ» операсы, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрындағы «Ұлы Жібек жолы» балеті, «Астана Балет» театрындағы «Кармина Бурана» балет-кантатасы, Қалибек Қуанышбаев атындағы

Қазақ ұлттық музыкалық драма театрындағы Әбіш Кекілбаевтың «Күй» драмасы және Михаил Лермонтов атындағы Ұлттық орыс драма театрында сахналанған «Головлев мырзалар» спектаклі бар.

Маусым бойы театр ұжымдары ел ішінде, шетелде де белсенді өнер көрсетті. Осы кезеңде 539 гастроль ұйымдастырылып, театрлар 191 халықаралық және республикалық фестивалге

қатысты. Бұл театр өнерінің еліміздің әр өңіріндегі көрерменге кеңінен жол тартуына және қойылымдардың кеңінен танылуына серпін берді.

Еліміздің театрлары халықаралық деңгейде де жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Фабиит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры «Ұлпан» спектаклімен Бішкекте өткен «ART-ORDO» халықаралық театр фестиваліне қатысып, Гран-при жүлдесімен қатар, төрт аталым бойынша марапатқа ие болды.

Халықаралық байқауларда өзге шығармашылық ұжымдар да табысты өнер көрсетті. «Астана Опера» театрының «El Voice» вокал тобы Ставрополь қаласында өткен «Солдат конверті» халықаралық байқау-фестивалінде Гран-при жеңіп алды. Ал «Астана Опера» театрының скрипкашысы Бағдат Әбілханов Далянь қаласында өткен GRAND ART EXPRESS-CHINA халықаралық орындаушылық өнер байқауында I орын иегері атанды.



КЕНЕПТЕГІ БАС ҚАЛА КЕЛБЕТІ

Елордадағы Тұңғыш Президент музейінде белгілі қылқалам шебері, Қазақстан Суретшілер және Дизайнерлер одақтарының мүшесі Бақытнұр Бүрдесбековтің «Кенептегі қала» көрмесі өтіп жатыр.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Аталмыш көрме Астананың көркем келбеті туралы сыр шертеді. Яғни, мұнда ұсынылған әр туынды елордамен тікелей байланысты. Ерекше атап өтерлігі, суретші бұрынғы «Думан», қазіргі Ailand ойысауық орталығын, «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарына арналған мемориалдық мұражай-кешенін, «Қазақ елі» монументін көркемдеуге қатысты.

Қылқалам шеберінің бас қаламен байланысы да Ақмола кезінен басталды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ашылғанда, ол осы оқу орнының «Дизайн» кафедрасына арнайы шақыртумен келді. Содан бері Астананы картиналарында бейнелеп, айтуылы нысандардың көркемделуіне атсалысып келе жатыр.

Бақытнұр Байқанұлы ақын ақын Мұқағали Мақатаевпен бір топырақта, Қарасаз ауылында дүниеге келді. Суретшінің туындыларынан да поэзия тілі байқалады.

«Картиналарынан Бақытнұрдың тәлім алған жері Қарасаздың емін де, демін де, сазын да, бәрін көз алдарыңызға елестетуге болады. Мұқағалидай ақынды берген жер Бақытнұрдай өнердегі өз ісінің шеберін тудырып отыр. Адамның көп дүниетанымы табиғаттан басталады. Табиғатты бойына, қанына сіңіріп өскен адам классикалық өнерге академиялық білім алып өзін-өзі толықтыра жүріп осындай деңгейге жетті. Ұлттық музейді керемет картинаға түсірген де – Бақытнұр. Астандағы елге елеулі үлкен жобаларға қатысып жүр. Мұның барлығы да өзінің елге деген патриоттық сезімі, елге деген сүйіспеншілігі және өнерге деген адалдығы деп ойлаймын. Бақытнұр деген атау



қазақ бейнелеу өнерінде өзінің орнын алған, өзіндік қолтаңбасы бар, мойындалған есім» деген де еді ілгерідегі көрмелердің бірінде белгілі қоғам қайраткері Дархан Мыңбай.

Ал «Кенептегі қала» көрмесіне қойылған картиналарда Астананың көркі, мінезі мен қайталанбас келбеті автордың ерекше көркемдік көзқарасы арқылы бейнеленген. Жалпы бұған дейін суретшінің көрмелері еліміздің қалалары мен алыс-жақын шетелдерде өтіп, жоғары бағасын алды. Атап айтқанда, Нью-Йоркте өткен халықаралық «Арт-экспо 2011» байқауында үш аталым бойынша алтын медальді иеленді. Тұңғыш Президент музейіндегі көрмені 10 қыркүйекке дейін тамашалауға болады.

ҚАСІРЕТТІ ТАРИХ ПАРАҚТАРЫН АҚТАРҒАН

Астанада Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесінің басшысы, «Қаһармандар» қоғамдық қорының президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сабыр Қасымовтың 75 жылдығына арналған «1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау саласындағы С.Қасымовтың ғылыми-әдіснамалық қызметі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Шапағат
ӘБДІР

Іс-шараны алаштанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақ газеттері» ЖШС-нің бас директоры Дихан Қамзабекұлы жүргізіп, мерейтой иесіне жолданған құттықтау хаттарды оқып берді.

Конференцияға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, тарихшылар мен архив саласының мамандары қатысты. Атап айтқанда, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның алғашқы төрағасы, саяси ғылымдар докторы Қырымбек Көшербаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Оралбай Әбдікәрімов, Ирак Елекеев, Сауытбек Абдрахманов, Зейнолла Алшынбаев, Жақсыбек Құлекеев, Айдос Сарым, жыршы-термеші Баянғали Әлімжанов, Ұлттық музейдің директоры Берік Әбдіғалиұлы және өзге де тұлғалар сөз сөйлеп, Сабыр Қасымовтың ғылымдағы, қоғамдық қызметтегі және елдік мүдде жолындағы еңбе-

гіне тоқталды. Олар мерейтой иесінің азаматтық болмысы мен қайраткерлік келбетінің сан қырын атап өтіп, оның саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісіне қосқан өлшеусіз үлесін ерекше бағалады.

Қырымбек Көшербаев өз сөзінде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Қазақстан тарихы үшін айрықша маңызға ие жұмыс атқарғанын атап өтті.

– Комиссия өз жұмысын аяқтағанға дейін үш жылдан астам уақыт архивтердің шаңын жұтып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бағытында кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізді. Ең алдымен зерттеу, жинақтау және талдау ісіне басымдық берілді. Осы жұмысты үйлестіру үшін Сабыр Қасымов жетекшілік еткен жобалық кеңсе құрылып, оның құрамына белгілі ғалымдар, танымал зерттеушілер мен мемлекеттік органдардың өкілдері енді. Мемлекеттік комиссия құрамында 425 ғалым мен зерттеуші еңбек етті. Оның ішінде 260-тан астам маман өңірлік комиссияларда жұмыс істеді. Нәтижесінде 688 мыңнан

астам архив ісі мен 48 мыңға жуық есепке алу карточкасы анықталып, Президент архивіне тапсырылды. Сондай-ақ 2,6 миллионнан астам құжаттың «құпия» белгісі алынып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 311 мыңнан астам адамды ақтау бағытында қолданыстағы заңнама аясында нақты жұмыстар жүргізілді. Бұл – баға жетпес тарихи мұра, – деген Қ.Көшербаев халқымыздың қилы кезеңдердегі қайсарлығына да тоқталып, мерейтой иесінің осы тарихи ақиқатты зерттеудегі еңбегіне ерекше баға берді.

– Сұрапыл жылдары халқымыздың басына түскен нәубет пен қасіреттің ауқымын сараптасақ, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың ашаршылық пен қуғын-сүргіннің қасіретін еңсеріп, тәуелсіз ел болғанына таңданасың. Сан рет қанаты қайырылып, топшысынан айырылса да, иілсе де сынбады, бүгілсе де жығылмады. Туа бітті қайсарлығының арқасында бүгінгі күнге жетті. Сол тарихтың бірден-бір зерттеушісі, оның бірегей жаршысы – бүгінгі мерейтой иесі Сабыр Қасымов, – деді ол.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс № 83 Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ